

***С.А. Қасқабасов<sup>1</sup>, З.Н. Сейітжанов<sup>2</sup>, Н. Набиолла<sup>3</sup>***

<sup>1,3</sup>*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

*E-mail: <sup>1</sup>seit.kaskabassov1940@mail.ru, <sup>2</sup>Asegizbayeva\_84@mail.ru, <sup>3</sup>nasihat\_83@mail.ru*

*ORCID: <sup>1</sup>0000-0003-2299-6729, <sup>2</sup>0000-0002-9834-5503, <sup>3</sup>0000-0001-9832-8028*

**ИЛИАС ЖАНСҮГІРҰЛЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Алаш қайраткерлерінің бірі, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, халық мұрасының жанашыры Илияс Жансүгірұлының өмірі мен шығармашылығына ақынның қолжазбалары негізінде шолу жасалды. Сондай-ақ, ақынның фольклорлық мұраларды жинауы мен жүйелеуі, жариялауы мен зерттеуі туралы еңбектері жан-жақты қарастырылды. Бұған дейінгі илиястануға байланысты жазылған еңбектерден ақынның фольклортанулық қырлары туралы жазылған зерттеулер арнайы назарға алынып, оларға сілтемелер жасалды. Илияс Жансүгірұлының құрастыруымен жарық көрген фольклорлық мәтіндер мен әлі де жарық көрмей, ақынның қолжазба қорларында сақтаулы тұрған құнды дүниелер туралы шағын мәлімет берілді. Ақынның өзінің тікелей құрастыруымен жарық көрген халық мұрасына жазған алғы сөздеріндегі кейбір құнды ой-тұжырымдары бүгінгі фольклортанудың ғылыми жетістіктері аясында сараланды. Мұрағатта күні бүгінге дейін сақталып келген ақын еңбектерінің шағын библиографиялық көрсеткіші жасалып, ол туралы мәліметтер берілді. ҚР Орталық архивінде сақтаулы тұрған, әлі баспа бетін көрмеген материалдарына сараптаулар жасалды. 1916 жылғы Жетісудағы қазақтардың көтерілісі туралы ел арасынан жинаған материалдары туралы қысқаша шолу жасалды. 1927 жылы Мәскеуден жарық көрген «Өтірік» кітабына, 1929 жылы жарық көрген «Шәркей» (балаларға арналған) кітапшаларына тоқталып, онда қамтылған дүниелерге сараптаулар жүргізілді. Илияс Жансүгірұлының фольклорға қатысты еңбектеріне халық мұрасының жанашыры және зерттеушісі тұрғысынан талдаулар жасалды.

**Алғыс:** Мақала АР14870883 «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» жобасы аясында дайындалды.

**Кілт сөздер:** Алаш, Илияс, халық мұрасы, қолжазба, мұрағат, аңыз, ертегі.

***S.A. Kaskabassov<sup>1</sup>, Z.N. Seyitzhanov<sup>2</sup>, N. Nabiolla<sup>3</sup>***

<sup>1,3</sup>*M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: <sup>1</sup>seit.kaskabassov1940@mail.ru, <sup>2</sup>Asegizbayeva\_84@mail.ru, <sup>3</sup>nasihat\_83@mail.ru*

*ORCID: <sup>1</sup>0000-0003-2299-6729, <sup>2</sup>0000-0002-9834-5503, <sup>3</sup>0000-0001-9832-8028*

**Ilyas Zhansuguruly and folk heritage**

**Abstract.** The article presents an overview of the life and work of one of the figures of Alash, poet, writer, translator, publicist, and sympathiser of the national heritage of Ilyas Zhansuguruly, on the basis of the poet's manuscripts. The works of the poet on the collection, systematisation, publication, and study of folklore heritage were also considered. Of the previously written works related to Ilyas, special attention was paid to the research on the folkloristic aspects of the poet, to which references were made. The article told about folklore texts published by Ilyas Zhansuguruly and about valuable works that have not yet been published and are stored in the poet's manuscript collections. Some valuable statements of the poet in the preface to the national heritage, published by his direct composition, were analysed in the light of the scientific achievements

of modern folklore. A small bibliographic index of the poet's works was compiled in the archive, which has survived to this day. Examinations of materials stored in the Central Archive of the Republic of Kazakhstan that have not yet been published were carried out. A brief review of materials about the 1916 uprising in Jetisu was conducted. An analysis was made of the book "Lies", which was published in 1927 in Moscow, as well as the book "Sharkey" (for children). The works of Ilyas Zhansuguruly devoted to folklore were analysed from the point of view of a researcher of folk heritage.

**Acknowledgments:** The article was prepared within the framework of the AP14870883 project "Alash figures and national folklore".

**Keywords:** Alash, Ilyas, folk heritage, manuscript, archive, legend, fairy tale.

**С.А. Каскабасов<sup>1</sup>, З.Н. Сейтжанов<sup>2</sup>, Н. Набиолла<sup>3</sup>**

<sup>1,3</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>seit.kaskabassov1940@mail.ru, <sup>2</sup>Asegizbayeva\_84@mail.ru, <sup>3</sup>nasihat\_83@mail.ru,

ORCID: <sup>1</sup>0000-0003-2299-6729, <sup>2</sup>0000-0002-9834-5503, <sup>3</sup>0000-0001-9832-8028

## Ильяс Жансугурулы и народное наследие

**Аннотация.** В статье представлен обзор жизни и творчества одного из деятелей Алаш, поэта, писателя, переводчика, публициста, сочувствующего народному наследию Ильяса Жансугурува на основе рукописей поэта. Также были рассмотрены труды поэта о сборе и систематизации, публикации и изучении фольклорного наследия. Из ранее написанных трудов, связанных с ильястану особое внимание было уделено исследованиям фольклористических аспектов поэта, на которые были сделаны ссылки. В статье было рассказано о фольклорных текстах, изданных Ильясом Жансугурулы, и о ценных трудах, которые до сих пор не изданы и хранятся в рукописных фондах поэта. Некоторые ценные высказывания поэта в предисловиях к народному наследию, изданные его непосредственным сочинением, были проанализированы в свете научных достижений современной фольклористики. В архиве был составлен небольшой библиографический указатель трудов поэта, который сохранился до наших дней. Были проведены экспертизы материалов, хранящихся в Центральном архиве РК, которые еще не издавались. Был проведен краткий обзор материалов о восстании 1916 года в Семиречье. Был сделан анализ книги «Ложь», которая была издана в 1927 году в Москве, а также книги «Шаркей» (для детей). Были проанализированы труды Ильяса Жансугурулы, посвященные фольклору, с точки зрения исследователя народного наследия.

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках проекта AP14870883 «Деятели Алаш и национальный фольклор».

**Ключевые слова:** Алаш, Ильяс, народное наследие, рукопись, архив, легенда, сказка.

### 1. Кіріспе

Алаш қайраткері, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, халық мұрасының жанашыры Ілияс Жансүгірұлының артына қалдырған мол рухани мұрасын, соның ішінде, көлемді бір саласы – ақынның ел арасынан жинған, кейбірін баспа бетіне жариялап кеткен құнды дүниелерін жүйелеп, жан-жақтылы қарастыру, жарық көрмеген материалдары туралы нақтылы деректер беруі, оларды ғылыми айналымға енгізу осы мақаланың өзекті мәселелердің бірі. Ақынның бұған дейінгі жарық көрген көптомдықтары мен таңдамалы шығармалар жинағында негізінен өзінің төл шығармашылығына басымдық беріледі де, оның халық мұрасының жанашыры, фольклорлық мұралар мен халық ақындарының шығармаларын жинаушы және жариялаушы екені тасада қалып қояды. Сондықтан да бұл мақаланың алда қойған

басты мақсаты – ақынның халық мұрасының жанашыры боп, өзі тіке атсалысуымен қатар, айналасындағы ел ескілігінен хабары бар тұлғаларды да ұйымдастырып, қыруар жұмыстар атқарғанына назар аударту.

I. Жансүгірұлының бұған дейінгі жарық көрген мұраларын, сондай-ақ Орталық мемлекеттік мұрағатта сақталған кейбір жарияланбаған материалдарын қарастыру барысында оның негізінен фольклорлық мәтіндерді жинау мен оларды жариялауға баса назар аударғанына көз жеткізіп отырмыз. Бұл барыста қазір көзімізге түсіп, қолымызға тиіп отырған, халық мұрасына байланысты жазылған ақынның бірнеше мақаласын баса айтуға болады. Оның бірі «Ертегілер» кітабына жазылған көлемді алғы сөзі болса, екіншісі «Тілші» газетіне жарияланған «Ән, әншілер жайында» деген шолу сипатындағы, ақынның өз сөзімен айтқанда «ойласу» сипатындағы мақаласы.

Ақын атымен сақталған мұрағаттағы делоларды қарастыру барысында, кезінде ақынның жеке кітапхана қорында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген көптеген құнды дүниелердің сақталғандығы туралы ой түюге болатын секілді. Оған дәлел ретінде ақын қорында бүгін де сақтаулы тұрған «Шайыр» жинағы мен С.Сейфуллиннің «Билер дәуірі әдебиеті», Нарманбет Орманбетовтың өлеңдер топтамасы, Жетісуға танымал халық ақындарының шығармалары, сондай-ақ, сол кезеңдерде жарық көрген газет-журналдардан қиып алынған, ақынның өзі өзекті деп санаған өзге авторлардың мақалаларының сақталуы соны дәлелдеп отыр.

## **2. Материалдар мен әдістер**

Ғылыми зерттеу жұмысы «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» жобасы аясында қарастырылғандықтан бұнда негізінен Ілияс ақынның халық мұрасын жинау мен жариялауына баса назар аударамыз. Осы барыста Тақырыпты зерттеудің негізгі өзегі, материалы ретінде ақынның XX ғасырдың басында жарық көрген дүниелері мен 1958 жылдан бері қарай, әр жылдары жарық көріп келген таңдамалы шығармалар жинағы, көптомдығы, сондай-ақ ілиястануға қомақты үлес болып қосылған 20 томдық шығармалар жинағы, ақынның шығармашылығына байланысты әр жылдары жазылған зерттеу еңбектер қарастырылады. Сондай-ақ, Орталық мемлекеттік мұрағатта сақтаулы тұрған ақын атындағы 1368 бума материалдары мен Ф.Ғабитованың атында 1012 бумада сақталған қолжазба қорлардағы материалдар негізгі дерек көзі ретінде пайдаланылды.

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Зерттеуде негізінен сипаттау, салыстырмалы талдау, ішінара мәтіндерге салыстыру жұмысы негізінде шағын көлемде сараптаулар жүргізіледі. Бүгінде ақынның мұраларының дені төте жазу мен латынша сақталғандықтан кейбір материалдардың, кейінгі жарияланымдарына енбей қалып қойғанына көз жеткізіп отырмыз. Мәселен Ақанның «Құлагеріне» шығарған әнінің бір нұсқасы Ілиястың халық ақындарының аузынан жазып алуымен хатқа түскені белгілі болып отыр. Осы мәтінді кейінгі жарияланымдарымен салыстырып қарағанда онда өзгешеліктердің барлығына көз жеткізіп отырмыз. Сондықтан да осындай құнды дүниелерді жеке дара қарастыру алдағы күннің еншісінде. Ал мұнда одан басқа да сақталған фольклорлық мәтіндер мен халық ақындарының шығармашылығы туралы шағын сипаттама беріп отырмыз.

## 2.2 Материалдарға сипаттама

Ілияс Жансүгірұлы – 1894 жылы қазіргі Жетісу облысы Ақсу ауданы, І.Жансүгіров ауылында туған. Өзінің туып-өскен жері туралы ақын «Өмірбаяным» атты мақаласында: «Өмір таңы балалық қой, оны еске алсам өскен жерім ойыма түседі. Боз дала, құла құм, оларды қақ айыра аққан иір өзен. Өзен өлкесі түлкі жүн құла қамыс, тал, жыңғыл, жиде. Қыры – теріскей, қара жусан, ойы – ши, ұсақ құрақ, құмы – сағыз, селеу, қылша...міні, менің өскен жерім. Бұл Жоңғар Алатауынан (Жөңке) аққан, Балқашқа құятын Ақсу өзенінің бойы, әзіргі атақпен 4-ауыл, Ақсу болысы, Талдықорған үйезі, Жетісу губерниясы. Ел жөнінен: Орта жүз, найман, матай, аталық, қайнар деген рудан әкем 9-ата», – деген мәлімет береді (ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 1-дело).

Ақынның анасы оның төрт жасында дүние салып, әке тәрбиесінде өседі. Әкесі Жансүгір ескіше сауаты бар, ел ортасында сыйлы болған адам. Ол туралы М.Дүйсенов: «Әкесі Жансүгір ептеп ескіше оқығаны бар, әділетсіздікке, қиянатшылдыққа төзбейтін, өнерге ерекше ден қоятын он саусағынан өнері тамған кісі болыпты. Сол кездегі баспадан шыққан халықтық жыр-дастандар, айтыстарды жинап, баспа бетін көрмеген ел аузында жатқа айтылатындарын көшіріп алып, жұртқа оқып беріп жүрген. Әсіресе, ол Шернияз, Базар сияқты ақын-жыраулар мен Ақан, Біржан сияқты әнші-ақындардың шығармаларын мұқият жинап, ел арасында кең насихаттайды. Сол кезеңдегі ел арасына, соның ішінде Жетісу бойына аты шыққан Сүйінбайдың жырлары да Жансүгірдің сүйіп оқитын өлеңдерінің бірі болған», – дейді (Дүйсенов, 1965: 6).

Ілиястың әдебиетке әуестігін оятып, ел ескілігіне жасынан құмар болуына әке ықпалының айрықша көп әсері болғанын байқаймыз. Ақын алғашқы сауатын өз әкесінің ескіше оқытуымен ашқан. Әкесінің өзін оқытқан кезін ақын былай еске алады: «Шүү дегенде әліп-биден әкем өзі оқытты. Иман-шарт, әптиектің ежк-сүресінде сүйретіп жүріп Құранға түсірді. Менен басқа бала оқытқан кісі емес. Тек қыстың ұзақ түндерінде, білте шамның жарығында, бір шыбықты ала отырып мені тізеге алушы еді. Оқудан мақсат – бұл дүние үшін қолында қой-серкештің қамы болса, о дүние үшін аузында иманы болып, бес мезгіл намаз оқыса», – сол еді дейді.

Ақынның берісі Жетісу, арысы Орта Азияға танымал Мамания мектебінен білім алғаны айтылып, жазылып жүр. Ілияс оқыған жылдары сол мектепке Бұқарадан оқып шыққан Қасен деген молда Сүттіген деген жердегі Тұрысбек ауылына имам болған. 1910 жылдар шамасында, Ілиястың 15-16 жас мөлшерінде әкесі осы моллаға оқуға берген. Бірақ онда ұзақ оқи алмай ауырып, бір жарым ай мөлшерінде ауылына қайтып кетеді. «Матайдан шыққан біз қатар оқыған жастар осылардың мектебінен шыққан, бірақ, мен оқи алмадым», – дейді Ілияс.

Бірнеше жылдан кейін, яғни 1912 жылы «Қыли» мектебіндегі ноғай мұғалімнен оқуын жалғастырады. Онда «жәдиттен» төрт жарым ай оқып, оқуын онда да бітіре алмай қайтып кетеді. 1920 жылы Алматыға келеді. Ондағы мұғалімдер даярлайтын үш айлық курстан оқиды. Осы кезеңдерде Түркістан губерниясынан халық мұрасын жинауға келген комиссия мүшелеріне жолығып, өзінің «Балдырған» жинағын береді. Ондағы кісілер ақынды Жетісудан халық мұрасын жинауға жұмысқа тартады. Екі-үш

ай солармен бірге ел арасынан халық әдебиетін жинайды. Бұл жолғы фольклорлық экспедиция туралы Айгүл Дәрмішова: «1921 жылы Ө. Диваев Жетісу, Сырдария өңірі халқының ауыз әдебиетін жинауға шыққан экспедицияны басқарады. Экспедиция арнаулы бағдарлама бойынша ел аузынан аңыз-әңгіме, өтірік өлең, ертегі-жыр, жұмбақ-жаңылтпаш, айтыс өлеңдер, т.б. қағаз бетіне түсіріп, кімнен, қашан, қалай жазып алғандықтарын реттеп отыруы тиіс болады. Бұл жұмысқа Ө. Диваев мұғалімдер даярлайтын курста оқып жүрген бірнеше жасты қатыстырады. Соның бірі – І. Жансүгіров еді», – дейді. (Дәрмішева, 2019: 387).

Сонымен Илияс осы комиссия мүшелерімен бірге Ташкентке барып, ондағы мұғалімдер жетістіру институтынан оқиды. Ақын өзінің өміріндегі оқу жылын есептегенде «барлығы 38 ай білім алыппын» деп толғанады. Өз білімін толықтыру үшін кейін Мәскеуден «Журналистер институтынан» да оқиды.

Илияс өзінің жазып-сызғандарын құнттап, бір жүйеге келтіріп отырғаны байқалады. Оның мысалы ақын өз қолжазбалары мен баспа бетін көрген шығармаларының библиографиялық көрсеткішін де жасап отырған. ҚР Орталық мұрағатындағы 1368 бума, 1-тізбе, 5-делода өз қолымен қара, қызыл сиялы қаламмен «Жазған кітаптарым, 1916 жылдан бастап» деп көрсетілген. Оны ақын төмендегідей тізбелеп береді:

1. Балдырған (өлең) – научный комиссияда;
2. Қол-бала (өлең) – Сұлтанғазы жатқа біледі.

1919 жыл:

1. Қарабек (пьеса, 3 перделі) – Талдықорған Арком қосшысында;

1920 жыл:

1. Салтанат (пьеса, 3 перделі) – Талдықорған Арком қосшысында;
2. Түрлі жималар. Жетісу әдебиеті – Білім комиссиясында;
3. Бисекенің өмірі – Қаракерей жаққа кетті.

1921 жыл:

1. Қанды күнгі қазақ (пьеса, 1 перделі) 1920 жыл Ташкент (жоғалды);
2. Қызыл жалау (жыр) – 1921 жыл Міржақып алып еді.

1923 жыл:

1. Ақын Сара (пьеса, 1 перделі) – Білім комиссиясына жіберілді.
2. Толғамбай-Түбек (айтыс, 1 перделі) – Білім комиссиясына жіберілді.
3. Тілеуқабаттың қызы мен Наурызбай (айтыс) – Білім комиссиясына жіберілді.
4. Черкестер (Лермонтовтан аударылған өлең) – Білім кеңсесіне жіберілді;
5. Адамдар немен жасайды (Толстойдан) – Алматы.

Осы делода ақын шыққан кітаптарым деп 14 кітаптың атын атайды:

1. Беташар, 2. Өтірік, 3. Сағанақ, 4. Балаларға тарту, 5. Малта, 6. Шаркей, 7. Одақ,
8. Жұмбақ, 9. Жаңқа, 10. Сықақ, 11. Жаңа жолда, 12. Дала, 13. Кек, 14. Жаңа жыр.

Ақын өз шығармаларымен қатар, аудармамен де айналысты, ел тағдырымен тіке қатысы бар саяси жағдайлардан да тысқары қалған жоқ, сол кезеңдегі халықтың

тұрмыс-тіршілігі, саяси жағдайлар туралы газет беттерінде үздіксіз мақалалар жариялап отырды.

Ақынның шығармашылық жолын бірнеше бағытта қарастыруға болады. Әуелі Илияс Жансүгірұлы ақын. Оның өлеңдері мен поэмалары халық жүрегінен орын алып, ғылыми қауым оған өз бағасын да беріп үлгерді. Алғашқы өлеңдер жинағының бірі Сәбит Мұхановтың алғы сөзімен «Сағанақ» деген атпен 1928 жылы жарық көрген болатын. Сонымен қатар үлкен аудармашы. Оның аударған орыс ақын-жазушыларының шығармалары да бүгінгі күндері ел игілігіне айналған. Оған ақын аударған Пушкиннің, Горькийдің, Лермонтовтың, Некросовтың, т.б. орыс ақын-жазушыларының, сонымен бірге түркітөктес халықтардың да ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударып, қалың оқырман қауымға ұсынғанын айтса да жеткілікті. Ал қоғамдық қызметтерге араласып, елді алаңдатқан күрмеуі күрделі мәселелерді көтеріп, оны шешу жолдарын да ұсынған публицистикалық мақалаларының да шоғыры мол. Сонымен бірге драматургия саласына да қалам тербеп, бірқатар пьесалар жазғаны да белгілі. Проза саласына роман, әңгімелер жазғанын білеміз. Өзіне дейінгі және өз заманындағы ақын-жазушылардың шығармашылық тұлғасына да тоқталып, ол туралы да қалам тербеген. Илияс күнделік жазудың шебері болған. Ол өзінің жүрген-тұрған жерін, қоршаған ортасы мен адамдардың тұрмыс-тіршілігін, айналысатын кәсіп көздерін, ондағы кәсіптің әр саласында жүрген адамдардың өмірі туралы да жазып отырған. Солардың арасында ақын еңбегінің үлкен бір саласы ретінде айрықша атап өтетініміз – ел ескілігін жинап, халықтың өзіне қайтару барысында атқарған істерінің ұлылығы. Ақынның ел мұрасын жинап, оған назар аударуы бала жасынан қанына сіңген әдет деп айтуға болады.

Ақын мұрасынан оның ел ескілігін жинауға бір кісідей үлес қосқанын көреміз. Ол халық мұрасын өзі ғана жинап қоймай, сол кезеңдегі көне дүниелерден хабары бар, ел азаматтарын да аттанысқа келтіргені байқалады. Оған негізінен ауыл мұғалімдерінің ерекше ықылас танытқаны белгілі. Оны Илиястың көптомдығына енген, Илиясқа осы мазмұнда хат жазған Сейіт Жәмәгөтұлының жазбасынан байқаймыз. Сол кездері Мұқаншы ауылында тұратын Сейіт Жәмәгөтұлы «Жансүгірұлы» атты 1930 жылдың 18 қаңтарында Илиясқа жазған хатында ел арасынан халық мұрасын өзі және оқушылары арқылы да жинағанын, оларды баспа бетінде жарық көрсе деген тілегі бар екенін білдірген. Хатында жиналған мұралар туралы төмендегідей мәлімет береді: «Әсіресе, баспасөз арқылы халық әдебиетін жинауға, халық тұрмысының қағаз бетіне түсіп қалуына құмар-ақ едім. Ол міндетті орындай алмадым. Керегі не, тұрмыс нашар болды, бірсыпыра нәрселерді жөндеуге болмай отыр. Ол жинаған жазбаларым басуға жіберуге жөні бар ма, басыла ма, бұрын басылған ба, мыналар еді: «Құламерген», «Қабанбай батыр» өлеңі, бір кітапша толық, «Бір байдың жарлығын салдырғаны», «Айбала мен Байболаттың айтысы», «Ноғай ақыны мен қазақ ақынының айтысы...», «Аяғы сынған ақсақ қыз өлеңі», «Көрұғылы» кітабы (бірақ ол назым ескіше)..., «Дәриға қыз өлеңі... «Өтірік өлең», (Жансүгірұлы, 2019.Т.4: 52) т.б. халық мұраларының қолында бар екенінен хабар береді.



### 3. Талқылау

Лияс қысқа ғана ғұмырында қазақ руханиятын, соның ішінде халық әдебиетін жинап, жариялауға айрықша үлес қосқан тұлға. Оны ақынның жазған жырлары да дәлелдеп көрсетеді:

Ежелден ескеруші ем елдің сөзін,  
Бұлақтың тазалауға тінтіп көзін.  
Барма деп, ашпаған сыр, айтпаған жыр,  
Құлақты қырға түріп жүрген кезім.

Оның фольклорды жинап, жариялауы негізінен сол кездегі Жетісу губерниясының аумағында болды. Сонымен бірге жұмыс сапарымен Қазақстанның шығысы мен батысын, оңтүстігі мен солтүстігіне барған кездерде де ел ескілігін жинап, күнделігіне түртіп отырғанын көреміз. Сол кезеңде ол халық әдебиеті мен күйлерін жинауға бастамашы болып, өзі де көп дүниелерді жинап, жариялауға атсалысты. Ақынның халық мұрасына жақындығын өзі туралы жазған өмірбаянында да айтып өтеді. Онда: «сөзге үйірлеу, құймақұлақтау едім. Қонақ айтқан әңгіме, балалар айтқан жұмбақ, кемпірлердің ескі күндерін еске алып айтқандары, қыз-жігіт айтысқан қара өлеңдер, ұрыс-соғыс хабарлары менің ең ұнатып тыңдаған нәрселерім. Хат білген соң өлең кітап оқығыш болдым. «Қыз Жібек» кассаларын қызығып оқушы едім. Мен оқығанда тыңдамайтығұн жан болмайтын, кейін аймағымыздың, ауыл бозбаласының әншісі болдым. Жарып той бастап, таңдап әріптес алып, айтысып «құтырған» күндер өтті, тойды таңға таркатпай, ауыл-ауылмен ауызға қаратқан түндер кетті...», – дейді ақын (ҚР Орталық Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 1-дело.).

Лиястың ел аузынан жазып алған тапқырлық, шешендік сөздерімен, қағытпа, әзіл-қалжыңдары бір төбе. Халықтық толғау, термелер, қара өлеңдер де жетерлік. Қысқасы білгісі келетін ақын-жазушы, сыншы-зерттеуші, тарихшы ғалымдарды баспагерлерді сарғая күтіп жатқан І.Жансүгіров мұралары осындай сан-алуан. (Күмісбайұлы, 2010: 119)

Лиястың ел аузынан жинап жариялаған мәтіндерінің бір парасы төмендегідей: «Жалайыр Қабан ақынның ұрылармен қақтығысуы», «Тезек төре мен Бүйембай ақын», «Тезек төре мен Бақтыбай ақын», «Құлмамбет пен Түбек ақын» айтыстары да жазып алынып, сақталған. (Күмісбайұлы, 2010: 120-121).

### 4. Нәтижелер

Лияс жинаған мұраларда фольклордың барлық жанрлары дерлік қамтылған. Осы мұраларды Шара Қыяхыметова төмендегідей топтастырады:

1. Өтірік өлеңдер («Жүз ауыз өтірік айтқан тазша», «Байсараның өтірігі», «Өтірік ертегі», «Балапанды Барқын таз», «Ығай мен Сығай»); 2. Айтыстар («Бақтыбай мен Бәйбектің», «Бақытүай мен Мәйкенің», «Бала Ораз бен Жібектің», «Тәуке батыр мен әйелінің», «Бөлтірік пен Майкөттің», «Жанақ пен баланың», «Жаскілең мен Жаңабергеннің», т.б.); 3. Мысал-жұмбақ айтыстар (Арыстан мен масаның айтысы, Атасы мен келінінің айтысы, Сауыншы мен бұзаудың, Қарға мен балапанының айтысы, т.б.); 4. Толғау, арнау өлеңдер (Есмағамбет Айтқожаұлы, Орынбай Байқожаұлы,

Дүйсенбай Шомақов, Нармамбет Ормамбетұлы, Балуан Шолақ, Жанбатыр, Қапез, т.б.); 5. Батырлар жыры (Қобыланды батыр), «Ер Тарғын», «Ер Шора», «Алпамыс батыр», т.б.); 6. Ақындардың шығармалар жинағы (Шал, Шортанбай, Құл, Сүйінбай Асан ақындардың шығармалары); 7. Қазақ жұмбақтары, жаңылтпаштары, мақал-мәтелдері («Жұмбақ» жинағы); 8. 1916 жыл туралы мәліметтер; 9. Қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасы жөнінде айтылған өлеңдер мен әңгімелер; 10. Қазақтың өткен батырлары мен билері туралы жазбалар; Ку елі материалдары. (Қыяхыметова, 2019: 276-278.)

Ақынның ел арасынан жинап, сақтаған халық мұралары бүгінгі күндері ҚР Орталық архивінде сақтаулы тұр. 1958 жылы таңдамалы жинағы дайындалса, 1960 жылдан кейін көптомдығы басылып шықты. 2004, 2019 жылдары басылған ақынның көптомдығында біраз дүниелері жарық көрген. Бірақ ақынның өз шығармашылығы қамтылған да, ел арасынан жиғандары дерлік қамтылмаған. Кейбір Ілиястың ел арасынан жинаған материалдары автордың өз туындысы ретінде жарық көргенін байқаймыз.

Төменде ақынның қолжазба қорында сақталған дүниелерді атап өтуді жөн көрдік, 1368 бума 1-тізбе 3-делода Пушкин, Чехов шығармаларынан аудармалары сақталған. Осы бумада Қояндыға барғанда Біржанның «Жанботасын», «Егіз тауық болғанда шығарған әні», «Әсет пен Кемпірбай» (Кемпірбайдың саулығындағы көк кептер), «Тыныштығұлдың өлеңі», «Қызға жазған Антонның хаты» деген шығармалар сақталған. Ал М.Горькийден аударған «Дауылпаз» шығармасы 1368 буманың 1-тізбе, 4-делосында сақтаулы тұр (төте жазумен).

Ілияс Жансүгірұлының қолында кезінде Ғабдолла Мыштақтың құрастырған «Шайыр» жинағы да болған. (ҚР Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 2-тізбе, 56-дело.) Сол жинақтың ішкі бетіне Ілиястың аты-жөні жазылған (орысша, төте жазумен) екі тілдегі мөрі басылған (Мөр қызыл сиялы).

1368-бума 2-тізбе 56-делода 1933 жылы Жансүгірұлы мен Мүсірепұлы құрастырған 6-сыныпқа арналған «Көркем әдебиет жинағы» (латынша) сақталған. Онда қазақ, орыс, Кеңес одағына қарайтын басқа да елдер мен алыс шетелдегі ақын-жазушылардың шығармалары топтастырылған. Сонымен бірге Сәкеннің 1932 жылы шыққан «Билер дәуірі әдебиеті» де (латынша) сақталған. Ілиястың құрастыруымен «Құл» деген атпен латын әрпімен 1934 жылы Қазақ Көркем Әдебиет баспасынан шыққан кітабы да сақтаулы тұр. Оның мазмұны төмендегідей болып келеді: Жинаушыдан; Құлдың Құлманға айтқаны; Ораз төреге; Есім төреге; Шора деген егіншіге; Сайлау туралы; Құдияр деген елге мықаншы сайлау туралы; Балқаш еліне; Жақамбайға; Тұманбайға; Ақан болысқа, Тағы да сайлау туралы; Әркімге айтқан өлеңдері қатарлыдар қамтылған.

1368-бума 1-тізбе 65-делода (конспекты) «Дүңген көтерілісі», «Ауру» қатарлы екі өлеңінің кімдікі екені жазылмаған, өзінікі болуы мүмкін. Сонымен бірге бұнда Нармамбет Ормамбетұлының өлеңдерінен: «Сарыарқа», «1911 жылғы (доңыз жылғы құрғақшылық туралы айтқаны)», «Өмір» (ишарат), «Ишарат», «Ғашықтық туралы (бірінші, екінші хат)», «Қызға», «Мақаш өлгенде», «Ғазал», «Қасірет бір үлкен тау», «Ілімді құс, ілкімді ат», «Қызыл алтай, сарыбалақ», «Көк есер деген жігіт бар»,



«Бұлбұлдан шешен бір құс жоқ» қатарлы 13 өлеңін көшіріп жазған (төте жазумен). Сонымен бірге Ілиястың өз шығармасы «Күйшінің» қолжазбасы да осында сақталған (төте жазумен). Осы бумада «Қиссалар туралы» деп тақырып қойып Қазандағы Құсайыновтар баспасынан шыққан 53 кітаптың тізімдігін береді. Авторы мәлім емес бір шумақ лирикалық өлеңді көшіріп жазады. (Өлең құрылысы Абай төңірегіндегі ақындарға келетіндей):

Қолаң шаш, жазық маңдай, ашық қабақ,  
Қалам қас, жұмыр мойын, алма сабақ.  
Құралай көз, ашық жүз, жазық бетті,  
Інжір тіс, қызыл ерін, мамық тамақ.

(ҚР Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 65-дело).

Әбубәкір молланың «Әдебиет қазақия», «Ноғайлы Мамай батыр өлгенде қарт шешесінің жоқтау айтқаны», «Өткен заманды Әбубәкір молланың жоқтап айтқан толғауы» қатарлы шығармалар да сақталған (төте жазумен).

«Том ағайдың лашығы» деген орысшаға аударылған, балаларға арналған шетел жазушысының шығармасын қазақшаға аударып бастаған, алайда айналасындағы әріптестерінің «бүгінгі күнге үйлеспейді» дегенін сын-пікірін естіп, аудармасын тоқтатып қойғаны туралы жазады. Осы бумада «Қарабауыр» деген әңгімесі сақталған. Осы конспегіне «Өлеңмен екі ірі нәрсе жазуым керек. Оның бірі – Құлагер, екіншісі – Соқыр күйші. Осы екеуін де сезіммен, көркем суретпен жазу керек» деп түргіп қойған. Бұл шамамен 1930 жылдары. Осы «Құлагер» поэмасын арнайы қарастырған тағы бір зерттеу еңбек «Керуен» журналында жарияланған болатын. (Айтбаева, Тараков, 2023). 1368-бума, 1-тізбе 53-бумада төмендегідей шығармалар сақталған екен:

«Ауылдан хат (Семейдегі жігітіме)» (7 шумақ), «Тойла», «Қараталда қырылған Жалайыр-Сырымбет деген елдің өлген 84 кісісіне айтқан дауысынан» (Дәрменқұлұлының жазып алғаны), «Бақтыбайға жазып берген Нұғыман хаты» (49 шумақ. Бұл хаттың өзі Есембайұлы Дәулетбақ дегенде сақтаулы екен деп ескерту жазады), «Дәметкеннің зары» (Шөкенұлы Құсайынның естегісінен. Бұл көзі көрмейтін Дәметкен деген кемпірдің жалғыз баласы Далабайды құшақтап айтқан зары), «Шоқпар руынан Салмақбайдың абақтыда жатып шығарған өлеңі» қатарлы дүниелер сақталған.

1368-бума, 1-тізбе 55-делода «Лепсі үйезі бойынша материалдар» (Мырзақанұлынан естегілер), «1916 жылғы оқиғада менің көргенім (Ахметжан Мәмбетәліұлы болыстың үйінде жалға жүргендегі көрген жағдайы)» сақталған.

1368-бума, 1-тізбе 52-делода «Жетісуді орыс алғаны», «Ұзынағаш соғысы» туралы тарихи деректерді келтіреді. «Шалтабайдың өлеңі» (Манап Байпақұлының жинағынан алынды деп ескертеді) қатарлылар бар.

1368-бума, 1-тізбе 59-делода Ридер сапары жазылған.

1368-бума, 1-тізбе 56-делода «Көдек өлеңі» (бір өлең), «Әбен Атамқұлұлының Жәркент үйезіндегі албан руынан Өлмес Кінәрбекұлы деген шалға шығарып берген дауысынан», «Бөлтіріктің сөзі» (жігіт алар жылда), «Әубәкір Сұлтанбекұлының

естегісі», «Алдаберген Қойшыбекұлының естегісі», «Етекбайдың өлеңінен», «Тымбекұлы Имамбектің жырынан», «Қарашұлы Молдақыметтің сөзінен» қатарлы шығармалар бар. Бұлардың барлығы да 1916 жылғы көтеріліске байланысты дүниелер.

1368-бума 1-тізбе 51-делода ел арасынан жинаған «Алдар Көсе» (алданған сарт), «Жалайыр Қабан ақын», «Үйсін Сіргелі Жәңкел ақын», «Үш өлеңші» (өлеңмен), «Төрт ұры жігіт» (өлеңмен), «Кенесары туралы», «Ойсыл домбырашы», «Кенесарының қарындасы домбырашы Қарашаш сұлу (аяқталмаған)», «Ержанды Қоқан ханы өлтірген қонаққа шақырып», «Үсен қу», «Мейірман өлеңі», «Шарғын тастан (шағатай)», «Қарабектің қартайғандағы арманы», «Мейірманның сөзі (бір моллаға айтқаны)», «Шалдың сөзі», «Бақтияр», «Мақсұттың келін өлтіргені», «Кейкіні Бұтақбай (Бақтиярұлы) өлтірген», «Күржікбайдың өлімі», «Мақсұттың қырғыздың манабының ертоқымын алдырғаны», «Үсеннің Серікбайдың болыс болды деп жүнін алдап алғаны», «Батталдың шешесінің өз қозысын сойп беріп кеткені», «Үсеннің Малай мырзаға айтқан жарамазаны», «Жолдыбайдың баталары», «Қоңырбайдың қатынына берілген бата», «Ноғай Ешенше барғандардың алдарындары», «Бұрынғы елдің орыс төрелерінен қорқыуы», «Қаумен», «Қауменді қырғыз өлтірген», «Қараш батыр», «Төле бидің Ескелді биге бата беруі», «Рақым Байтоқұлы. Әр атаның баласына айтқаны», «Құнанбай, ысты Бөлтірік, Сары үйсін Сары би», «Қалмақ ханның биесі құлын салғаны», «Қосшыбай қу», «Ағыбай мен Наурызбайдың бәсі», «Уа, тұмақ киген түлкі, ат жетектеген тазы көрдіңдер ме?», «Өліп тірілген» (Есембет қабірден кісі шығарып алған), «Құдыққа түсіп кеткен», «Мұсағиннің өлеңі» қатарлы дүниелер бар. Ал Ғалымбет Шыңғысұлы (4-ауыл, Іле ауданы, шапырашты) деген кісінің атымен тізімдікте бар, мәтіні жоқ төмендегідей шығармалардың аталады: «Майлы Қожаның ноғайға айтқаны», «Түбек, Тезек, Құлмамбеттердің өлеңі», «Мың бір түн». (ҚР Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 51-дело.)

Ілияс Жансүгірұлының 1927 жылы Мәскеудегі Кеңес Одағы елдерінің кіндік баспасынан бастырып шығарған «Өтірік» (ел әдебиетінен жинақ) кітабының орны ерекше. Онда автор осы кітапты құрастыруының мән-маңызы жайында тоқталып, бұндай дүние бұрын-соңды жүйелі түрде жиналып жарық көрмегендігі жайында айта келіп «ел әдебиетінің бұл түрі бұл күнге шейін жиналып, басылып жарыққа шықпай жатқан қазына (өтіріктен Ә.Диваев жинағында там-тұмдап ұшырайды және Радлов жинағынан алып Қыр баласы Ташкенде шыққан «Жас қайрат» журналына біраз өтірік басты). Бірақ, ел ішінде өтірік аз емес, өтірік орасан көп. Қазақтың өтірік өлең, өтірік ертегі дегендері расында кенеуі жоқ босқа өтірік емес, өте шеберлік пен тілдік орамдылығы мен өзгеше өңделген сөз. Тұрмыс құбылысындағы құнарсыз нәрсені дардай қылып, ойдан орақ орып, қырдан қысырақ матап, болымсыз нәрсені әлденеге ұқсатып, дандайсытып тыңдаушының сілекейін шұбыртқан өтірік ел жанына жақпайтұғын жәй сөз болса белгілі бір түр алып «ел әдебиеті» болмас та еді, ел бүгінге дейін сақтамас та еді, өтіріктің өмір кілтеңіне ұқсастығы болмаса ел әдебиетінің бойына сіңбес те еді», – дейді. Ақын осы кітабының алғы сөзінде өтіріктің де ел арасынан жоғалып бара жатқанын айтады. Ат үстіндегі өмір егін шаруашылығына, отырықшылыққа ауысуына байланысты бұрынғыдай өтірік те

айтылмай, ұмыт болып бара жатқанын, сол дүниелердің ел есінде барын қағазға түсіріп кейінге қалдыруды мақсат еткенін де тілге тиек етеді. Ақын кітап кіріспесінің соңында бұл жинақтың мәтіндері негізінен Жетісу облысындағы албан, суан, дулат, жалайыр, найман руларының арасынан жиналғандығын, біразына сол кездегі елдің әр жерінен келген студенттердің де көмегі болғандығын, негізі Жетісуда орналасқан халықтың мұралары екендігін ескертеді. Автор бұнда қолына түскен өтіріктің бәрін жарияламағанын, ішіндегі көркем деп танылған, ел әдебиетінің талап-талғамына жауап беретін дүниелерді ғана іріктеп жариялап отырғанын айтады. Кіріспе соңында осы жинақтың шығуына ат салысқан, көмек қолын созған ел адамдарына алғысын білдіреді.

Кітаптың кіріспесінде ақын әрбір өтірік мәтінінде қазақ этнографиясына, көшпелі қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті дүниелер мен жоралғылардың, әдет-ғұрыптардың, бір сөзбен айтқанда отбасы ғұрпына қатысты дүниелердің де жүз беріп отыратындығын нақтылы мысалдармен келтіреді. Халық арасында болатын үйлену ғұрпы барысында орындалатын жол-жосындардың барлығы да өтірік өлеңде көрініс тапқанын тілге тиек етеді. Оны ақын төмендегідей мысалдармен бекіте түседі:

Инелік пен масаны құда қылып,  
Инеліктің үстіне шекпен жаптым.

Немесе:

Әкесіне ас беріп жатыр екен,

Көбелектің үйіне кіріп келсем...міні бұл жалпы елді билеген салт-сананың, әдет-нанымының жарықшағы, – дейді, ақын. (Жансүгірұлы, 1927: 4).

Ақын осы кітабында өтірікті шартты түрде бірнеше топқа бөліп жіктейді. Олар өтірік өлең, өтірік ертегі, өтірік айтыс, өтірік мақтан тағы-тағылар деп келеді. Бұнда өтіріктің түрлерінің әрқайсысынан халықтың тұрмыс-тіршілігі аңғарылады дейді. Онда халық өмірі мына шумақтардан көрінетініне айрықша тоқталады:

Кенеге кежім жауып бесті ат қылдым,  
Бетегені бес жарып келісап қылдым.  
Бозторғайдың шудасын күзеп алып,  
Күндіз-түні иіріп бес қап қылдым.

Бұл шумақтардан ат күтімі, бәйге бабы, ағаштан келі-келісап жасау (қазақтың қолөнері), түйені күзеп, шудасынан жіп иіріп, қап тоқуы қатарлы көшпелі қазақ өмірінің тыныс-тіршілігі, шаруа ыңғайы көрініс тапқанын мысалдармен беріп, салыстырулар жасайды. Ақын кіріспеде өтіріктің барлығы да құнды деген ойдан аулақ. «Өтіріктің де өтірігі бар, оның ішінде құнарсыз, жалғыз тиынға тұрмайтыны бар, оны жинап әуре болу керек емес. Және бар өтірік бұл ғана емес, бұл мыңнан бірі де болмас. Өтірік те күнінде күбіді, заманында балалады. Бұрын өтірік айту үлкен мақтан да, мақсат та болған. Өтірікшілер бәсекелесіп бәйгеге түскен, айтысқан, ұлы жиында ел ен-жарласып бұларды ақындардай жарысқа салған. Әдейі ел қыдырып

өтірікті таратқан өтірікшілер болған. Бұлар асқан «суайт» деген атаққа да ие болған. Өрине, мұны туғызған ел өмірінің, қоғам құрылысының жағдайы, өмір күйі, шаруа шарты. Қол бостық, жұмыс жоқтық. Айдалада аңдай, аспандағы құстай табиғат құшағына бөленіп өскен еркін еркелік, бұл жағдайлар өз дәуірінде күшті күй, әсем ән, өзгеше өтіріктерді туғызып кетті», – деген ой айтады. Халықтың тұрмыс-тіршілігі басқа күйге ауысқандықтан, өмір салтына байланысты көшпелі өмірде туып-қалыптасқан кей дүниелер де жоғалуға айналғанын, солардың қатарында «өтірікті» де атап өтеді. Қазіргі күні өтірік айту – сыққакқа, сынға ұшырады, әзілге айналдырып жіберді деп ой қорытады.

Кіріспеде ақын ел әдебиетінің шығу, пайда болу тарихына да барлау жасайды. Ел әдебиеті жайдан-жай пайда бола қалған жоқ, олар «ел әдебиеті, өтіріктің бәрі де Мейірман секілді, болмаса Бұқар жырау, Жиренше шешен, Абай секілді сөз тапқыр адамның айтқаны. Келе-келе ен-таңбасы жоғалып, бұралқы малдығы кетіп, елдің қорасына сіңіп кеткен. Мына жинақтағы бірлі-екісі болмаса, көбі иесіз, ен-таңбасыз әдебиеттер» деп атап өтеді. Автор кіріспесінің соңында ел әдебиетінің бұл түрін жинақтап-жариялауы – жас балалар үшін екенін, бүгінгі күндері балалар оқитын дүниелердің жоқтығы себеп болғандығын ескертеді. Илияс Жансүгірұлы көтерген балалар әдебиеті, соның ішінде балалар ойынына қатысты мәселелер бүгінгі күннің күнтәртібінен де әлі түскен жоқ (Islymbekova, Matijanov, 2022: 77-88).

Илияс Жансүгірұлының 1929 жылы балаларға арнап шығарған «Шәркей» (Жансүгірұлы, 1929.) кітабының да орны ерекше. Ол туралы кітаптың мұқабасында Қазақстан орталық жаңа әліпби комитетінің тапсырысы бойынша «Білім ордасы жас балалар оқуына ұнатқан» деген сөздер жазылған. Бұл кітапты балалардың оқуына қызықты ету үшін арнайы суретшіге суреттер де салдырған. Шығармасының аты «Шәркей» болғанымен жас балаларға қазақ этнографиясына байланысты құнды дүниелерді жайлап түсіндіргені көрінеді. Әуелі қойды қырқу, онан кейін қырқылған жүнді сабау, сабалып майдаланға жүнді шиге тарту, шиге тартып болған соң оның үстіне су құйып шиді орау, оралып болған шиді екі кісі жіппен тартып, басқаларының тебуі, тебіліп, шидің ішінде бірігіп, киізге айналған дүниені білектен, оны қарпу, онан кейін киізді жақсылап кептіру, оны шәркей шығатындай етіп пішуі, оған қажетті жіп үшін жүнді шүйкелеп иіруі, иірілген жіппен шәркейді сыруы – барлығы да апасы мен баласының арасындағы диалог арқылы беріліп отырады. Баласының бастан-аяқ сұрайтыны бір-ақ сұрақ – Шәркейім дайын болды ма? Ал, апасы оны жұмыстың ретімен таныстырып отырады. Ақырында шәркейін апасына тіктіріп киіп алады да, ақ марқасына барып мақтанады. Шығарма балаларға арналған және оқуға оңай, түсінуге жеңіл шап-шағын дүние боп шыққан. Бірақ шап-шағын бұл шығарма баланың таным-түсінігіне, дүниетанымына әсерінің, тәрбиелік қуатының жоғарылығымен құнды.

## 5. Қорытынды

XX ғасырдың басындағы Алаш зиялылары ел үшін кезек күттірмейтін маңызды саяси-қоғамдық жұмыстармен айналысып қана қоймай, ел руханиятына өлшеусіз үлес қосып, жеке шығармашылықпен де айналысқаны белгілі. Сонымен бірге ел есінде сақталып, сол кезеңге жеткен халық мұрасын да жинап, ел игілігіне жұмсауға, қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттап қалдыруды да өздеріне мақсат тұтқанын

көреміз. Сол Алаш зиялыларының бірі І.Жансүгірұлы да тек шығармашылықпен, қоғамдық жұмыстармен айналысып қана қоймай, халық мұрасын жинауға, оны жүйелеуге, жарыққа шығаруға, сондай-ақ, ол туралы ғылыми мақалалар жазумен де айналысқанын көреміз. Бір назар аударатын жағдай, қолжазба қорлардағы Ілияс мұраларын қарастыру барысында ақынның фольклорлық мәтіндер мен халық ақындарының шығармаларын жазып, хатқа түсіруге басымдық бергенін көреміз. Қолда бар мұралар негізінде зерттеу де жаза бастағаны аңғарылады. Ілиястың қазірге дейін халық мұрасы туралы арнайы жазылған, қолымызға тиген мақалалары «Өтірік» кітабына жазған алғы сөзі мен «Тілші» газетіне жариялаған «Ән, әншілер жайында» (ойласу ретінде) атты мақаласы. Кітаптың алғы сөзіне жазған мақаласында өтіріктің өзін іштей бірнеше тақырыптарға бөліп жіктесе, кейінгі мақаласында халық мұрасын, соның ішінде халық әндерін қайта қарау керек екенін, еліміздегі қала халқы мен ауыл аймақ халқының таным-түсінігі мен талғам-таразысына сай ел ескілігін ұтымды пайдаланып, ел игілігіне айналдыру керек екені туралы да ой айтады. Халық театры мен қала театрының көрермендеріне сай жүйелі жұмыстар атқару керек екенін ескертеді. Қалада тек қазақ халқы ғана тұрмайтынын, өзге ұлт өкілдерінің де қатар өмір сүріп жатқанын, сондықтан да әр ұлт көрермендерінің талабынан шығатындай құндылықтарды жарыққа шығарып, өнерге пайдалану керек екені туралы ой тастайды. Ақынның бұл ой-тұжырымы сол кезеңдегі қазақ руханиятына деген халықтың сұранысын аңғартып, маңызды мәселені көтеріп отырғанын айқын көрсетеді.

#### Әдебиеттер:

1. Айтбаева К.Б., Тараков А.С. І. Жансүгіров поэмасының ономастикалық кеңістігіндегі «Құлагер» иппонимі және оны аудару ерекшеліктері // «Керуен» ғылыми журналы №1, 78-том, 2023. – 77-88 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-07>
2. Дәрмішева А. Ілияс Жансүгіров – фольклоршы // Ілиястану ілімдері. Мақалалар жинағы. Т. 18. / Құрастырған. Ш.Қыяхыметова. – Алматы: Баяжүрек баспасы, 2019. – 472 б.
3. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров: Өмірі мен творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1965. – 301 б.
4. Жансүгірұлы І. Өмірбаяным // Жансүгіров Ілияс. Мақалалар, күнделіктер. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы: Абзал-Ай баспасы, 2019. – 320 б.
5. Жансүгірұлы І. Өтірік. – Мәскеу: Кеңес Одағы елдерінің кіндік баспасы, 1927. – 94 б.
6. Жансүгірұлы І. Шәркей. – Қазақстан баспасы, 1929. – 20 б.
7. Islyambekova A., Matijanov K. (2022) Qazaq balalar oyın folklorın zerttedewdegi kokeykesti maseleler [Current Issues of Kazakh Children's Games] Folklore Studies // folklore/ Edebiyat. No 28. 75-82. DOI: 10.22559/folklor.1997 (түрікше).
8. Күмісбайұлы Ш. Жұмбақ мекен жұлдыздары. – Алматы: Арыс, 2010. – 264 б.
9. ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 1-дело.
10. ҚР Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 51-дело.
11. ҚР Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 1-тізбе, 65-дело.
12. ҚР Мемлекеттік архиві, 1368-бума, 2-тізбе, 56-дело.
13. Қыяхыметова Ш. Ілияс және фольклор // Қыяхыметова Ш. Ілияс Жансүгіровтың рухани әлемі. Т.9. – Алматы: Баянжүрек, 2019. – 304 б.

References:

1. Aitbaeva K. B., Tarakov A. S. (2023) The hipponym "Kulager" in the onomastic space of the poem I. Zhansugurov and the features of its translation // Scientific journal "Keruen" No. 1, volume 78, pp. 77-88. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-07> (in kaz.)
2. Darmisheva A. (2009) Ilyas Zhansugurov – folklorist // Teachings of Ilyas studies. Collection of articles. Vol. 18. / Compiled By Sh. Kiyakhmetova. – Almaty: Bayanzhurek publishing house. – 472 p. (in kaz.)
3. Duysenov M. (1965) Ilyas Zhansugurov: Life and creativity. – Almaty: Science. – 301 p. (in kaz.)
4. Zhansugurov I. (2019) Biography // Zhansugurov Ilyas. Articles, Diaries. Collection of multi-volume works. V. 4. – Almaty: Abzal-AI publishing house. – 320 p. (in kaz.)
5. Zhansuguruly I. (1927) Lies. – Moscow: Publishing house of the countries of the Soviet Union. – 94 p. (in kaz.)
6. Zhansuguruly I. (1929) Sharkey. – Kazakhstan publishing house. – 20 p. (in kaz.)
7. Islyambekova A., Matijanov K. (2022) Current Issues of Kazakh Children's Games Folklore Studies // folklore/ Edebiyat. No 28, 75-82. DOI: 10.22559/folklor.1997 (in Turk)
8. Kumisbayuly Sh. (2010) Stars of the mysterious abode. – Almaty: Arys. – 264 p. (in kaz.)
9. Kiyakhmetova Sh. (2019) Ilyas and folklore // Kiyakhmetova Sh. The spiritual world of Ilyas Zhansugurov. Vol. 9. – Almaty: Bayanzhurek. – 304 p. (in kaz.)
10. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, package 1368, list 1, case 1. (in kaz.)
11. State archive of the Republic of Kazakhstan, package 1368, list 1, case 51. (in kaz.)
12. State Archive of the Republic of Kazakhstan, package 1368, list 1, case 65. (in kaz.)
13. State Archive of the Republic of Kazakhstan, package 1368, List 2, case 56. (in kaz.)